Тұлға

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ТУРАЛЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ, НАҚТЫ НЕ, БІЗДІҢ ПІКІРІМІЗШЕ, «БІР ҚАЙНАУЫ ІШІНДЕ» ТҮРЛІ МАТЕРИАЛДАР ЖАРЫҚ КӨРІП ТҰРАДЫ. ОСЫЛАРДЫ САРАЛАЙ ОТЫРЫП, БАБАМЫЗ ТУРАЛЫ ОНЫҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫНА ҮН ҚОСУДЫ ЖӨН КӨРІП ОТЫРҒАН ЖАЙЫМ БАР. ОҒАН ҚОСА, КЕЙ ДАСТАРХАН БАСЫНДА, НЕ КЕЗДЕСУЛЕРДЕ БАТЫР БАБАМЫЗ ЖӨНІНДЕ МАҒАН СҰРАҚ ҚОЮШЫЛАР ДА БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ОНЫҢ МҰРДЕСІН ҚАЙТА ЖЕРЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА ТІКЕЛЕЙ АРАЛАСҚАН АДАМ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ҚОЛДА БАР ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНІП, ЫҚЫЛАС БІЛДІРУШІЛЕР ҮШІН ТӨМЕНДЕГІ МАТЕРИАЛДЫ ОҚЫРМАН ҚАУЫМҒА ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІМ.

МАХАМБЕТ МҰРДЕСІ ҚАЛАЙ ҚАЙТА ЖЕРЛЕНДІ?

Негізінде, тасырдан астам уақыт бұрын ел даладағы жалғыз әйелдің қауғаны шамасында ғана жер қойнауына тапсырылған батырдың ешқандай белгісі, не ескерткіші, моласы жоқ, керісінше, ешкім білмеуі үшін әдейі тегістелін (үстінен қой да айдап) тасталған сүйегін бүгінгі ұрпаққа жеткізген қайырқол адамның еңбегі тарихи зор маңызға ие деп білемін. Ол — Беріп руының Қаратөкай бөлімінен тарайтын Құрақ Бектурганов екендігі тарихта таңбаланған. Құрақ Дінмұхамбет баласы өзінің атасы Тошкеннің атына емес, ағы атасы Бектурганның атын тегіне алған екен. Бұл туралы Құрақтың баласы, 1962 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтынан инженер-механик мамандығы бойынша білім алып, Тайпақ, Жәнібек аудандарында, Орал қаласында басшылық жұмыстар жасаған Аманғалді Бек-Құрақ өзінің 2008 жылы шығарған «Әке аманаты» кітабында баяндайды. Бұл кітапқа 2006 жылы алғысөз жазған белгілі жазушымыз Әзілхан Нұршайықов. Осылай тарқатпасақ оқырман Бектурганды Құрақтың әкесі, не атасы деп ұғынып қалуы ғажап емес. Осы Құрақ Махамбет сүйегінің жатқан жерін белгілі жазушылар - ғалым Ғажым Жұмалиев пен ақын Тайыр Жароковқа олардың қолқалауы бойынша анарын көрсеткен. Сонда қатынасқан Есбол ауданының белгілі азаматы Құспан Еспосынов арқылы 1966 жылы шілде айының бірінші жартысында (8 шілде болуы керек) Нозль Шаяхметов бастаған топ батырдың сүйегін қазып алғаны зерделі көпшілікке аян.

Құрақ Бектурганов сол сүйекті Нозль, ең болмағанда, жері қайтармай, «жерт»еледе сақтағанына «ренжіп Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы И.Әбдіқәрімовке батыр баба сүйегін еліне жеткізу жөнінде хат жазады. Хатында «Сүйек Атырау қалалық ішкі істер бөліміне жіберілді» деп жауап беріледі. Содан Құрақ Гурьевке әдейі сүйекті алып келуге жол тартқан. Бірақ онда сүйекті жеке адамның алып кетуіне болмайтындығын, тиісті орындардың ресми рұхсаты қажеттігін түсіндіріп, бермейді.

Бұдан бұрын баласы Аманғалдіні Алматыға жиналысқа баратын бір топқа қостырып екі рет (1968 және 1971 ж.ж) Нозльдің батыр бабаның сүйегін алып келу үшін жіберіп те алған. Бірінде Нозльдің әйелі мен қызы «Өзі ауылда жоқ» деп есік ашпаған (Калинин көшесі, 119 үй, 6 пәтер). Демек, Құрақ Махамбет бабамызды елімізге әсте айтылеу жұмыстарында Құрақ Бектурганов еңбегі елеулі-ақ. Өкінді Дінмұхамбетің аманатын ақтай алмадым деп мұны қалпына келтіру үшін қолынан келгенінің бәрін де жасағаны үлкен жүректі азаматтың ғана қылығы. Сондықтан Атыраудағы Исатай-Махамбет алаңына тірелетін, не Азия беттегі Махамбет көшесімен қиылысатын бір көшеге оның атын берсе артық болмас еді.

Осы жерде айта кетсем, қазіргі Тұщықұдық ауылының тумасы, бүгінде белгілі ғалым, филолог-доктор, профессор Бабанияз Әбілқасимов (қазір Алматыда, жақында ғана 90 жасқа шыққанын ғылыми орта атап өткен) Орынбор мұрағатынан кездейсоқта бұл Исатай-Махамбет көтерілісін жаншыған полковник Геккенің рапортына тап болып, сол құжатта Исатайдың дәптер қағазына қарандашпен арабша (Бабаң ағамыз жастайынан арабша оқи алатын-ды) Асау Бірақұлына жазған хатында Ақбулақта пален күні барамыз, сонда келерсің — деген мазмұнда болады. Қалай болғанда да, осы хат Геккенің қолына түсін, оның отряды ол жерге екі күні бұрын (10 шілде) барып Исатайлардың өзден дайындалып күтіп алған екен. Исатайды екі орыс, екі қазақ жабылып, сауытынан оқ өтпегесін, әуелі атып атқан, жаяу жүріп те бірнеше қарсыласын өлтіргесін, оны арт жағынан бір қазақ, құрық лақтырып жығып жалаң тамағынан атып өлтірген деліпеді, рапортта. Бұл тартеуіне 125 соман сый төленген (барлығы 500, егер тірі ұстаса — 1000 сом тігілген екен).

1997 жылы шыққан Әнес Сарайдың «Исатай мен Махамбет» кітабын, Орал әскерінің атаманы генерал В.О.Покатиловың рапорты т.б тарихи деректерді зерттеген Бабанияз ағамыздың тың болжамдары (тарқатпай-ақ қояйын) жазылған құжат Исатай аудандық «Нарын таңы» газетінің 4.08.2007 жылғы №31 санында бар.

Мен Индерде он жылдың үстінде аудандық партия комитетінің екінші хатшысы ретінде идеология мәселелеріне басшылық жасадым. Сонда аудан жұртшылығы өмірінде қалдырған із, тыңдырылған іс ретінде ең әуелі Махамбет бабаның сүйегін өз қабіріне қайта жерлеуді өткізгенімізді әрқашан мақтан тұтамын.

Негізінде қайта жерленбестен бұрын, Махамбет сүйегі соңғы жылдарда белгілі ғалым Нозль Шаяхметовтен алынып, ішкі істер органдарында «до особого распоряжения» сенімді сейфте сақталған. Одан өз тоғырағына тапсыру туралы мәселе нақты шешілгеннен кейін біз өзіміздің аудандық ішкі істер бөліміне алдырып көріп, түгендеп, рәсімдеп қойдық. Қайта жерлеу жұмыстарын ұйымдастыратын комиссияға аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары М.Ахметова басшы болды. Махамбет қабірінің үстіндегі «Дендербор кешіліріне» қойған тасын (әлі бар) көтеріп, қабір қайта қазылды, түпқа ішіне тас қаланып цементтелді. Жоңдік, не айналадағы ауыл малдарынан, ит-құстан сақтау үшін кеше беті бүркемеленіп, айналасы уақытша қоршалып қойылды. Бұл жұмыстарға рудник басшыларының бірі Ж.Сармұханов көп еңбек сіңіріп еді. Махамбеттің қазіргі мазарын салуда Индер ауданы әкімі болған марқұм Д.Төленовтың еңбегі ерекше. Жерленетін күн шуақты болды, бірақ сүйек сальнибастан бұрын бір шөкім бұлт қана келіп сол себелеп жаңбыр өтті. Мұны бабаның қабіріне нұр тегілді деп және жиналған халық сол рәсімді өткізуге «жоғарыдан» ризашылық білдірген деп ұғынды.

Белгілі азамат, ғалым Қ.Әбисатовтың жазбаларында көп деректер келтірілген, сол шараның ішінде басқарып жүрген біздердің қатерімізден шығып кеткен бірақ мәселе айтылмыпты. Қайыржан баба сүйегін қазуға да, қайта жерлеуге де қатынасқан ғалым той. Бірен-саран кісі аттарындағы дәлсіздіктер айтылған материалдарға сызат түсірмесі хақ. Бек рахмет дейміз рухына. Сол мақала қазір құнды тарихи дерекке айналып отыр.

Негізінен бабамыздың сүйектері саусақтардың бірер буындарынан басқасы түгенделін орнына салынды. Бір жамбас сүйегі көпіршіктенін (уақ тесіктенгі) қалыпталған. Мұның себебін Қайрекең жазды. Біздер оны кезінде сүйектен түскен күрт, не қатерлі ісіктің салдары шығар деп ойлағанбыз. Қақ тебесі айбалтамен сынылған шауып ойылған, сол сына сүйек те жоқ. Ал бір жақсүйегі астынан жонылып түскен. Басын кеспек үшін желкеден ұрған айбалта жағын «жалап» кеткен сыңайлы. Сол бас сүйегі арқылы жасалған мүсін бойынша бабаның ең алғашқы бейнесін майлы боянған салдыры марқұм Хаман (Х.Ергалиев) өзі, Махамбеттің 175 жылдық мерейтойына арнайы Махамбет театрында өткен облыстық салтанатқа әкеліп тапсырып еді. Сол портрет Махамбеттің кейінгі суреттеріне ресми оригинал болуға тиісті деп білемін.

Хаманның сондағы сөйлеген сөзінен: «Тарих батырлық пен ақындықты қатар игерген, мысалы Тычина, Неруда сияқты, қонаулы ғана бейнелерді біледі. Бірақ олардың ішінде тек Махамбет қана жырын суырып жауының көзіне айтқан, басқалары ойын жазып шығарып, жалғастырған. Сондықтан да Махамбет тұлғасы тарихта жалғыз дара» - дегені есімде қалыпты.

Сүйекті қайта жерлеу рәсімінде қабір басында «1966 жылы Махамбет мұрдесі қазып алынып 15.05.1983 жылы қайта жерленді. Бұнда ескерткіштер комплексі салынады» деп мәрмәрдан ойылған тақта орнатып аштық. Мұны жұртшылық аудан басшылығының баба рухына берген уәдесі ретінде қабылдады, ол кейін жасалған көп істерге жетеледі де.

Мазардың эскизіне конкурс жарияланды, онда облархитектор Ю.Корнейконың жобасы жеңімпаз атанып, макеті Махамбет атындағы аудандық тарихи өлкетану мұражайына қойылды. Ол кезіндегі ескерткіштен күрделілеу және мазмұндырақ еді.

Сол кездегі қатал да сантүрлі кедергілерге қарамастан кесенеге қаржы жинау үшін аудан тұлегі, облыстық мемлекеттік банк төрағасы Ә.Бекешевтің қарсы болмауы арқасында ауданда бұрын практикада жоқ «Махамбет қорын» аштық. Түрлі сембіліктер өткізіп, қоштеген ұжымдар өз пешімдерімен бір күндік жалақыларын осы қорға аударды, сейтіп 1988 жылда 20 мың соман астам (ол қазіргі миллиондарға тұражақ) ақша жиналып еді. Қабірден 150 метрдей Қаройға таман жерге түрлі шаралар өткізгенде жасақтау үшін Махамбет мұражайының көшпелі экспозицияларына арнап тұрақты павильон орнаттық. Әлі тұр. Бұл сұраншаспен ғана Алматыдағы «Сауда жабдықтары» зауыты шығарған алты қанатты темір киіз үй. Облыстық сауда басқармасының бастығы марқұм Б.Қаленов аймандық қолдауымен, Индер руднигі басшысы Х.Байбосынов біржолғы көмектерін жасады. Бұл киіз үй Қаройдағы Махамбеттің басы шабылатын қараша үйді де ішіпттейді. Аудандағы түрлі мекеме басшыларының (Н.Қонасов, Б.С.Паличев, М.Бақтығалиев т.б) қолдауымен оның айналасына және зиратымен екі ортаға асфальт төселді, екі жағына ағаш отырғызылып, бәрінің сыртына темір қоршау жасалды. Шетіне суға шыны цистерна қойылып, жүргіншілер, не әдейі тағзым етуге келгендер ол **ағаштарды суарып тұрды, соның** арқасында барлығы да өсіп шықты. Өкінішке орай бүгінде ол ағаштар құрап таусылған деуге болады. Қоктаудан Малайсарыға дейін автогрейдермен жол тартып қойылды, қажет жерге баба басына сілтейтін жол көрсеткіштер қағылды.

Жерлестігімізді пайдаланып сол кездегі республиканың Жергілікті өнеркәсіп министрі марқұм Ғ.Мырзағалиев арқылы Өнеркәсіп-құрылыс материалдары министрі С.Парымбетовпен кездесуге қол жеткіздік, оның рұқсатымен «Казмрамордан» Махамбет ескерткішіне қажет 200 шаршы метр мрамор алатын болдық. Сол кезде «Отырар» қонақ үйінің директоры, дипломат, өзіміздің Қайрат Исағалиевтың машинасымен Бурундайдағы карьерге барып, түсін т.б мәселелерін шешіп қайтқанбыз. Ауылға келгесін Бурундайға тікелей машинамен райкомхоз Қ.Жұмағалиев ағамызды жіберіп алдырдық.

Аудан қаламгерлерінің және ақындардың ойын жетілдіріп, қаламын ұштау мақсатымен жүлделер тағайындап, жыл сайын Махамбет поэзиясы күндері, айтыс, мушайралар өткізіліп тұрды. Соның бірі «Отырар сазы» оркестрінің ауданымызға келуімен ұштастырылған еді. Айтпағым - Махамбеттің жырларын оқып қана шабыттанып жазылған Нұрғисанның «Махамбет» поэмасын оркестр кең дала төсінде, қасиетті бабаның қабірі басында, белгілі Қаройдың жағасында шалқытқанда бүкіл тыңдармен қауым-тоқтаусыз тұнығыпты шомып, бабалар істеріне өздері қатысқандай әсерде болса, марқұм Нұрғаң дирижер таяқшасын тастап, орамалымен қайталап «көзін сүртуімен» болды, оркестр поэманың жартысын дирижерсіз өзі ойнап шықты. Ғажап үндестік демеуге шара жоқ, өнер мен өмір үндестігі, белгісіз байланыс, құдіретті Махаң мен дарынды ұрпағы Нұрғаң арасындағы тылсым тыныс деген осы шығар деп ойладық.

Бертін келе Махамбет поэзиясы күндерін облыс көлемінде өткізу туралы сөйкон қаулы алған, бірақ ол дұрыс өткен жоқ. Ауданда да тоқтап қалды.

Махамбет жырларын олардың сөзіне, мақсатына қарай түрлі керемет мақамдармен айтуға ауданымыздағы белгілі ұстаз марқұм Қ.Қаюпов өзден машықтанып алған-ды. Ол бертін келе облыстағы Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты болды. Гурьевтегі аудан күндерінің бірінде кезіндегі жалғыз базар ортасына күзовтардан жасалған сахнада Кенжекең көпшіліктің сұрауына орай екі сағат бойы Махамбет жырларын айтып беріп еді. Бұл көрініс тарихымыздағы жырау, ақын, палуан, өнішілердің түрлі жарменкелерде өнер көрсетуі іспетті болды, халық базарға сыймай кетті. Ал бүгінгі кейбіреулердің жырлауы баскаша. Махамбет қайғыпшы өкінсе де ешқашан жасымаған жан, оның әр сөзінен кек алу, өзін, тыңдаушысын қайрау, күреске шақыру есіп тұратын мақам керек деп ойлаймын. Кенжекең тап осылай жырлайтын-ды.

Ал бабаның батырлығын үлгі ету мақсатында еркін күрестен жасөспірімдер арасында Махамбет жүлдесі үшін сайыс ұйымдастырып тұрдық. Мұнда марқұм С.Азербаевтың еңбегі өте зор. Бұның өзіндік ерекше традицияларын баяндап жатпай-ақ, соңғы төртінші-бесінші жарыстарға республика көлемінен ғана емес Астрахан, Красноводск қалаларынан командалар қатысуы оның мәртебесін халықаралық дәрежеге жеткізіп жүрді.

Қазір «Самалдық» алдында («Жастар» дүкені, «Құлыбаев үйі» маңы) Жайықты жағалай әр жерде түрлі тас мүсіндер болды, оларды Алматылық мамандар Индердің тастарынан қашап жасап еді. Сол тастарды Қоктаудан өзімізге кестіріп, Гурьевке жіберуге бірақ комегімізі тиген. Соның ақысына Ахмет-тұдан Махамбеттің тас кеудесін өнішейін жасатқанбыз, бірақ оны дыуғласқы жасап әкелген екен. Дыуғламен қайта жасатып, оны тіптік жобамен жаңа салынған Махамбет атындағы орта мектептің ауласына орнаттық.

Кезінде жалғыз әйел Типан кеудесін жабатын (басы болмады ғой) тақтай таба алмай киіз үйдің бір сықырлауынымен (есігімен) жауып жерленген қайран Махамбетке садақа да бергімегені хақ. Сондықтан мұрдесі қабіріне қайта жерленген күні Жамбыл атындағы кеңшардың (директоры М.Бақтығалиев) малшылары бір кісідей жұмылып жерлеу рәсімінде қатысқан бүкіл халыққа баба рухына арнап ас беріп, құран оқыды.

Кезінде Г.Жақиянов бастаған Семей осыдан кешірім тілсір бұрын Абайдың мерейтойын қандай масштабта өткізді десеңізші! «Келгеніне - қонақ, келгесін қонақ иесі ұялады» демекші, тап сондай ресми шара өткізгенде қашан да жерге қарап қалудан сақтанылық дегім келеді. Социалистік жарыс, не конкурс болмағанмен, атақ үшін расуа, аста тоқ той демегеннің өзінде біздің Семейдің кем соғар ретіміз тіпті жоқ. Басқаны тереңдеп айтпай-ақ, қоялық, кемінде қажетті минимумды ұстанымыз,жерек қой. Мысалы, жұмылып Жарсуаттан бұрын, Индерден бұрын, Қоктаудан бұрын, Гурьевке дейін жол керек-ақ. Ең болмағанда, Қоктаудан әрі қарай 20 шақырым жол төселсе жарар еді. Күрделі жөндеуден өткізілген Семей-Абай тасжолы 100 шақырымнан артық. Көрші Ақтөбеде Ілияның 75 жылдығын жасағанда Қобдағы дейін жолды жөндеп, одан Бұлаққа (Ілияның туған жері) барғанша 7-8 шақырым жерге қаншама жол жұмыстары жасалған десеңізші?!

Семей түлегі, кезінде Жезқазған облысы әкімі Қ.Нағманов облыс күшімен Қарауылкелідде Абай тойына екі қатарлы тым жақсы қонақ үйін салып жиһазымен тапсырған-ды.

Махамбет сүйегін қазуға қатысқандардың бірі Ж.Бахитов ағамыз болды. Оның көрген білгендерін (бүкіл еңбек жолы аудандағы идеология саласында өтті) кезінде әдеттегі ақпарат болатын еді. Бұл азаматта Нозльдің Махамбет туралы алғашқы ғылыми кітабы бар (мен оқып қайта бергенмін), соны көбейту, не қайта бастырыла басқа көпшілікке де пайдасы тиер еді. Сүйекті қазып алуға одан басқа Қ.Төленбаев, Нозльдің өзі, Қ.Әбісатовтар да қатысқан. Нақты сілтеме, жорамал және нар тәуекел қабыл болып, мұрденің бас сүйегі өзінің кеудесінде жатқан бол шығыпты, яғни бұл қазба дәл Махамбеттің сүйегі екені айдан анық дәлелденген.

«Махамбет қорына» бір белгілі, беделді, қолынан іс келетін адамды қойып тұрақты жұмыс жасатса деймін. Жасауға болатын, бұрын тиісті дәрежеде өткізіліп тұрған шараларды неге жалғастырмаймыз?! Махамбет ілімін дәріптеп, оны жастарымыздың бойына сіңіруге бағытталған жұмыстар түрлі науқанға ғана байланысты емес еді.

Жігерлі, айбарлы Махамбеттің, дара дана Махамбеттің, сазгер-ақын Махамбеттің тұлғасынан бүгінгі ұрпақтың алар тағлымы неғұрлым мол болсын, ағайын. Соған жұмыстанайық!

Қатимолла РИЗУАНОВ,
мемлекеттік
қызмет ардагері